

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	ЖН-АсМУ-18-24 №3 басылым 35 беттің 1-беті
	Магистрлік диссертация мен жобаның мазмұнына, ресімделуіне және қорғауына қойылатын талаптар бойынша жұмыс нұсқаулығы	

«Астана медицина университеті»
КеАҚ Басқармасының шешімімен
Бекітілген,
2024 жылғы 19 қыркүйектегі
№ 20 хаттама

Басқарманың 20²⁴ жылғы «31» маусым
№ 8 шешіміне сәйкес өзгертулер енгізілді.

ЖҰМЫС НҰСҚАУЛЫҒЫ

МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ЖҮЙЕСІ

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ МЕН ЖОБАНЫҢ МАЗМҰНЫНА, ЖОБАЛАУҒА ЖӘНЕ ҚОРҒАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

ЖН-АсМУ-18-24

«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
АККРЕДИТАЦИЯ ЖӘНЕ САПАНЫ БАСҚАРУ
ДЕПАРТАМЕНТІ

ТУПНҰСҚА/ОРИГИНАЛ

Астана қ.

«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
АККРЕДИТАЦИЯ ЖӘНЕ САПАНЫ БАСҚАРУ
ДЕПАРТАМЕНТІ

ТІРКЕУ № 57

« 09 » 04 2026 ж.

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады!

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	ЖН-АсМУ-18-24 №3 басылым 35 беттің 2-беті
	<i>Магистрлік диссертация мен жобаның мазмұнына, ресімделуіне және қорғауына қойылатын талаптар бойынша жұмыс нұсқаулығы</i>	

АЛҒЫ СӨЗ

- | | | | |
|---|---------------------------|---|--|
| 1 | ӘЗІРЛЕГЕН: | - | Магистратура және докторантура бөлімі, Қоғамдық денсаулық сақтау және менеджмент мектебі, Мейіргер ісі мектебі |
| 2 | ӘЗІРЛЕУШІЛЕР: | - | Магистратура және докторантура бөлімінің бастығы К. Раисова |
| | | - | Қоғамдық денсаулық сақтау және менеджмент мектебінің деканы А. Баймағамбетова |
| | | - | Мейіргер ісі мектебі деканының міндетін атқарушы Ж.Жетмекова |
| 3 | ЕНГІЗІЛДІ | - | Бөлім және мектептер |
| 4 | БЕКІТІЛДІ | | № <u>8</u> « <u>31</u> » <u>наурыз</u> 2026 ж. |
| 5 | ҚОЛДАНЫСҚА | | « <u>31</u> » <u>наурыз</u> 2026 ж. |
| 6 | ЕНГІЗІЛДІ | | |
| | | - | Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор З. Шулғау |
| | | - | Академиялық жұмыс жөніндегі проректор А. Досанова |
| | | - | Клиникалық жұмыс жөніндегі проректор А. Шакенов |
| | | - | Стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор А. Мысаев |
| | | | Аккредитация және сапаны басқару департаментінің директоры А.Жунусова |
| | | - | Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы М. Тукбекова |
| | | - | Магистратура және докторантура бөлімінің бастығы К. Раисова |
| | | | Қоғамдық денсаулық сақтау және менеджмент мектебінің деканы А. Баймағамбетова |
| | | | Мейіргер ісі мектебі деканының міндетін атқарушы Ж. Жетмекова |
| 7 | ҚАЙТА ҚАРАУ ЖИЛІГІ | | қажеттілігіне қарай |

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	ЖН-АсМУ-18-24 №3 басылым 35 беттің 3-беті
	<i>Магистрлік диссертация мен жобаның мазмұнына, ресімделуіне және қорғауына қойылатын талаптар бойынша жұмыс нұсқаулығы</i>	

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	4
2	Негізгі бөлім	6
3	Қайта қарау, түзету, сақтау және тарату	15
	1-қосымша	17
	2-қосымша	19
	3-қосымша	20
	4-қосымша	21
	5-қосымша	22
	6-қосымша	23
	7-қосымша	24
	8-қосымша	25
	9-қосымша	26
	10-қосымша	27
	11-қосымша	28
	12-қосымша	29
	13-қосымша	30
	14-қосымша	31
	15-қосымша	32
	Келісу парағы	34
	Өзгерістерді тіркеу парағы	35
	Танысу парағы	36

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	ЖН-АсМУ-18-24 №3 басылым 35 беттің 4-беті
	<i>Магистрлік диссертация мен жобаның мазмұнына, ресімделуіне және қорғауына қойылатын талаптар бойынша жұмыс нұсқаулығы</i>	

1. Жалпы ережелер

1. Магистрлік диссертация өзінің мазмұны бойынша мамандық бойынша ғылымның қазіргі жағдайына сәйкес келетін тақырып бойынша дербес зерттеу (ғылыми жұмыс) болып табылады. Эксперименттік материал жоғары ғылыми деңгейде орындалуы тиіс.

2. Магистрлік диссертация магистранттың кәсіптік біліктілік деңгейін және оның ғылыми білімдер әдістемесін меңгеру дәрежесін және алынған білім, білік, дағды мен құзыреттердің тиісті білім беру бағдарламасы бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкестігін айқындайды.

3. Магистрлік диссертация/жоба ғылыми жетекшінің басшылығымен орындалады. Қажет болған жағдайда магистрантқа аралас ғылым саласы бойынша ғылыми кеңесші тағайындалуы мүмкін.

4. Магистрлік жоба саладағы зияткерлік өнімді/технологияны және жеке әзірленген өнімді білдіретін бейіндік бағыттағы магистранттың бітіруші жұмысы болып табылады.

5. Магистранттың ғылыми жетекшісі (ғылыми кеңесші) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрық «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» және 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрық «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» талаптарына сәйкес болуы тиіс.

6. Магистрлік диссертация немесе жоба бітірушіге тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» академиялық дәрежесін беруге негіз болып табылады.

7. Магистранттардың Ғылыми жетекшілердің/(ғылыми кеңесшілердің) кандидатуралары кафедраның кеңейтілген отырысында қаралады, одан кейін Мектеп/Бөлім Кеңесінің отырысында, одан әрі «Астана медицина университеті» КеАҚ (бұдан әрі - Университет) Сенатының отырысында қабылданғаннан кейінгі алғашқы екі ай ішінде бекітіледі.

8. Магистрлік диссертация келесі талаптарға сай болуы керек:

1) магистрлік диссертация теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге мүмкіндік беретін немесе нақты ғылыми бағыттардың дамуына ірі жетістік болып табылатын жаңа ғылыми негізделген теориялық және (немесе) эксперименттік нәтижелерді қамтуы тиіс;

2) магистрлік диссертация қорғалатын мамандықтың негізгі мәселесіне сәйкес келуі тиіс;

3) магистрлік диссертация өзекті болуы керек, ғылыми жаңалықты және практикалық маңыздылықты қамтуы тиіс;

4) магистрлік диссертация ғылымның, техниканың және өндірістің заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуі тиіс;

5) магистрлік диссертация кешенді, функцияаралық сипаттағы басқарушылық міндеттерді дербес шешуді және нақты практикалық ұсынымдарды қамтуы тиіс.

6) магистрлік диссертация компьютерлік технологияларды қолдана отырып, деректерді өңдеу мен интерпретациялаудың заманауи әдістеріне негізделуі тиіс;

7) магистрлік диссертация ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін және озық ақпараттық технологияларды пайдалана отырып орындалуы тиіс;

8) магистрлік диссертация қорғалатын негізгі қағидалар бойынша ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерді қамтуы тиіс;

9) магистрлік диссертация тиісті білім саласындағы озық халықаралық тәжірибеге негізделуі тиіс.

9. Магистрлік жоба келесі талаптарға сай болуы тиіс:

1) баламалар арасынан таңдалған жобалық идеяға негізделуі тиіс, баламасыз таңдау жағдайына жобалық идеяға жол берілмейді;

2) жобалық идеяны таңдау нақты тұжырымдалған және негізделген критерийлерге сәйкес

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	ЖН-АсМУ-18-24 №3 басылым 35 беттің 5-беті
	<i>Магистрлік диссертация мен жобаның мазмұнына, ресімделуіне және қорғауына қойылатын талаптар бойынша жұмыс нұсқаулығы</i>	

баламаларды бағалау негізінде жүзеге асырылады;

3) жобалық идеяларды іздеу жарияланған ғылыми еңбектерге (теориялық, қолданбалы, зерттеушілік), сондай-ақ болжамдық зерттеулерді қоса алғанда, танылған зерттеу, конструкторлық және жобалау ұйымдары орындаған және жариялаған зерттеулерге сүйенуі тиіс;

4) зияткерлік өнімді жобалау жобалық идеясын іздеуді, негіздеуді және таңдауды, зияткерлік өнімнің параметрлерін негіздеу үшін қажетті ақпаратты жинау мен талдауды, оны пайдаланудың шығындарын, пайдасы мен тәуекелдерін талдауды қамтитын жобалау алдындағы зерттеулер негізінде жүзеге асырылуға тиіс;

5) жобалау нәтижесі ретінде әзірленген зияткерлік өнім жобаның бір бөлігі болуы және жеке бөлімде ұсынылуы тиіс;

6) жобада өнімнің тиімділігін бағалау критерийлері мен әдістері, сондай-ақ тәуекелдерді басқару шаралары ұсынылуы тиіс.

10. Магистрлік жобаның тікелей нәтижесі (зияткерлік өнім) ұйымды, шаруашылықты, кәсіпорынды, бизнес-құрылымды немесе жекелеген саладағы жүйені дамыту бағдарламасы немесе жобасы, заңнамалық бастама, бағалау құралы және т.б. болуы мүмкін. Жобаның мақсаты – жобалық идеяны табу, оны есептелген түрде жүзеге асыру жобаны іске асырудың ең жақсы (немесе оңтайлы) нұсқасы болуы және соның негізінде түпкілікті зияткерлік өнімді әзірлеу болып табылады.

11. Магистрлік диссертациялар мен жобалар тақырыптарының жалпы тізбесі жыл сайын кемінде 30 % жаңартылып отыруы тиіс.

12. Магистрлік диссертациялар мен жобалардың тақырыптары оқуға қабылданғаннан кейінгі алғашқы екі ай ішінде кафедраның/ғылыми бөлімшенің кеңейтілген отырысында талқыланады, содан кейін Мектеп/Бөлім Кеңесінің отырысында, әрі қарай Университет Сенатының отырысында бекітіледі.

13. Бітіруші курста қорытынды аттестаттау басталғанға дейін екі ай бұрын бітіруші кафедраның негізделген қорытындысы негізінде магистранттардың диссертациялары мен жобаларының тақырыптарын түзетуге жол беріледі.

14. Магистрлік диссертация/жоба тақырыбы оның негіздемесі мен құрылымымен, магистрлік диссертация/жобаны орындау жоспары жұмысты аяқтау мерзімдерін көрсете отырып, ғылыми жарияланымдар мен тағылымдамалар жоспары магистранттың жеке жұмыс жоспарында көрсетіледі.

15. Магистранттың жеке жұмыс жоспарына ғылыми жетекші мен кафедра меңгерушісі қол қояды және оқу кезеңі аяқталғаннан кейін магистранттарды оқытуды жүзеге асыратын Университеттің құрылымдық бөлімшесінің басшысы бекітеді. Қорытынды аттестаттау бағаланғаннан кейін магистранттың жеке жұмыс жоспары магистранттарды оқытуды жүзеге асыратын Университеттің құрылымдық бөлімшелеріне тапсырылады және магистранттың жеке ісіне тігіледі.

16. Ғылыми жетекші/(ғылыми кеңесші) келесі міндеттерді орындайды:

- 1) білім алушыға магистрлік диссертация/жоба тақырыбы мен жоспарын айқындауда көмек көрсетеді;
- 2) магистрантпен бірлесіп жеке жұмыс жоспарын әзірлейді, жеке жоспарды жүргізу бойынша жұмысты тиімді ұйымдастырады;
- 3) практика мен ғылыми тағылымдамадан өту базасын ұсынады, магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысын орындауын жүйелі түрде бағалайды;
- 4) зерттеу нәтижелерін ғылыми журналдарда жариялауға және оларды таныстыру мақсатында білім алушылардың халықаралық конференцияларға қатысуына жәрдемдеседі;
- 5) белгіленген мерзімде магистрантпен бірлесіп жұмысты жария қорғауға ұсынады, магистрлік диссертация/жобаның жария қорғауына қатысады;
- 6) әріптестермен және магистранттармен қызметтік қарым-қатынаста әдеп нормалары мен тұлғааралық қатынас ережелерін сақтайды.

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	ЖН-АсМУ-18-24 №3 басылым 35 беттің 6-беті
	<i>Магистрлік диссертация мен жобаның мазмұнына, ресімделуіне және қорғауына қойылатын талаптар бойынша жұмыс нұсқаулығы</i>	

17. Магистрант жеке жоспарында көзделген іс-шараларды уақытылы орындауды және бекітілген жоспарға сәйкес жұмысты тиімді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

18. Бейіндік бағыттағы магистранттар үшін ғылыми басылымда кемінде бір жарияланым немесе ғылыми-практикалық конференцияда кемінде бір баяндама талап етіледі; ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттар үшін кемінде екі түпнұсқа мақала немесе бір түпнұсқа мақала және бір ғылыми шолу, не болмаса ғылыми-практикалық конференцияларда тиісті баяндамалар талап етіледі. Жарияланымдарға аймақтық, республикалық, халықаралық конференциялар, симпозиумдар, кеңестердің тезистері, шолу- ақпараттық баяндамалар, аналитикалық шолулар теңестірілуі мүмкін.

2. Негізгі бөлім

19. Нормативтік сілтемелер

- 1) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- 2) «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- 3) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы»;
- 4) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығы «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы»;
- 5) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және олардың сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы»;
- 6) УС-АсМУ-36-01-25. Университет стандарты. Интеграцияланған менеджмент жүйесі құжаттамасының мазмұнына, баяндалуына және ресімделуіне қойылатын жалпы талаптар;
- 7) УС-АсМУ -37-02-25. Университет стандарты. Құжаттаманы басқару;
- 8) УС-АсМУ -20-03-24. Университет стандарты. Жазбаларды басқару;
- 9) УС-АсМУ -04. Университет стандарты. Терминдер мен анықтамалар;
- 10) УС-АсМУ -36-03-25. Университет стандарты. Кері байланысты мониторингілеу;
- 11) УС-АсМУ -25-21. Университет стандарты. Оқу үдерісін жоспарлау;
- 12) ПЛ-АсМУ-130-23. Плагиатты анықтау және мәтіндерді дереккөздерге тексеру үшін автоматтандырылған жүйені пайдалану туралы.

20. Магистрлік диссертация/жобаның құрылымы, мазмұны және рәсімдеу ережелері

- 1) магистрлік диссертацияның көлемі кемінде 60 бет болуы тиіс. Білім беру бағдарламаларының жекелеген топтары бойынша диссертация көлемі 100 бетке дейін жетуі мүмкін. Көрсетілген көлемге қосымшалар кірмейді. Магистрлік жобаның көлемі кемінде 40 бет болуы тиіс. Жоба көлеміне қосымшалар кірмейді;
- 2) диссертация немесе жоба мемлекеттік тілде, орыс тілінде немесе ағылшын тілінде орындалуы мүмкін;
- 3) магистрлік диссертация/жобаның құрылымдық элементтері:
 - титулдық парағы;
 - мазмұны;
 - нормативтік сілтемелер;
 - анықтамалар;
 - белгілеулер мен қысқартулар;
 - кестелер мен суреттер тізімі;
 - кіріспе;

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	ЖН-АсМУ-18-24 №3 басылым 35 беттің 7-беті
	<i>Магистрлік диссертация мен жобаның мазмұнына, рәсімделуіне және қорғауына қойылатын талаптар бойынша жұмыс нұсқаулығы</i>	

негізгі бөлім;
қорытынды;
тұжырымдар;
практикалық ұсынымдар;
пайдаланылған дереккөздер тізімі;
қосымшалар.

4) диссертация/жоба титулдық парағы бірінші бет болып табылады және құжатты өңдеу мен іздеуге қажетті ақпарат көзі қызметін атқарады.

Титулдық парағында келесі мәліметтер көрсетіледі:

диссертация орындалған ұйымның атауы;
ӘОЖ (эмбебап ондық жіктеу);
ХПЖ (халықаралық патенттік жіктеу);
диссертанттың тегі, аты, әкесінің аты;
жұмыстың атауы;
білім беру бағдарламасының шифры мен атауы;
академиялық дәреже;
ғылыми жетекшінің (ғылыми кеңесшінің) тегі, аты-жөнінің бас әріптері,
ғылыми/академиялық дәрежесі және атағы;
рецензенттің тегі, аты-жөнінің бас әріптері, ғылыми/академиялық дәрежесі және атағы;
диссертация орындалған жері және аяқталған жылы.

5) титулдық парағы диссертацияның жалпы бет нөмірлеуіне енгізіледі. Титулдық парағында бет нөмірі қойылмайды. Екі немесе одан да көп бөлімнен тұратын диссертация/жобаны дайындау кезінде әрбір бөлімнің өз титулдық парағы болуы тиіс, ол бірінші бөлімнің титулдық парағына сәйкес келеді және осы бөлімге қатысты мәліметтерді қамтиды. Титулдық парағы 1-қосымшаға сәйкес рәсімделеді. Титулдық парағында диссертанттың және ғылыми жетекшінің жеке қолы болуы тиіс. ӘОЖ индексі Университеттің кітапханасында, ал ХПЖ индексі Республикалық ғылыми-техникалық кітапханада рәсімделеді.

6) диссертация/жоба мазмұны кіріспені, барлық бөлімдердің, бөлімшелердің, тармақтардың (егер олар атауға ие болса) реттік нөмірлері мен атауларын, қорытындыны, пайдаланылған дереккөздер тізімін және қосымшалардың атауын, сондай-ақ осы элементтердің басталатын бет нөмірлерін қамтиды. Мазмұн 2-қосымшаға сәйкес рәсімделеді. Екі немесе одан да көп бөлімнен тұратын диссертация/жобаны дайындау кезінде әр бөлімнің өз мазмұны болуы тиіс. Бұл ретте бірінші бөлімде бүкіл диссертация/жобаның мазмұны бөлімдердің нөмірлерін көрсете отырып беріледі, ал кейінгі бөлімдерде тек тиісті бөлімнің мазмұны көрсетіледі. Бірінші бөлімде кейінгі бөлімдердің мазмұнының орнына тек олардың атауларын көрсетуге жол беріледі;

7) «Нормативтік сілтемелер» құрылымдық элементі мәтінде сілтеме жасалған стандарттардың тізбесін қамтиды. Сілтеме жасалған стандарттар тізбесі: «Осы диссертацияда/жобада келесі стандарттарға сілтемелер пайдаланылды» деген сөздерден басталады. Тізбеге стандарттардың белгіленуі мен атаулары олардың тіркеу нөмірлерінің өсу ретімен 3-қосымшаға сәйкес енгізіледі;

8) «Анықтамалар» құрылымдық элементі диссертацияда қолданылатын терминдерді нақтылау немесе белгілеу үшін қажетті анықтамаларды қамтиды. Анықтамалар тізбесі: «Осы диссертацияда/жобада келесі терминдер тиісті анықтамаларымен қолданылады» деген сөздермен басталады және 4-қосымшаға сәйкес рәсімделеді;

9) «Белгілеулер мен қысқартулар» құрылымдық элементі диссертацияда/жобада қолданылатын белгілеулер мен қысқартулардың тізбесін қамтиды. Олар мәтінде берілу ретімен немесе әліппе ретпен қажетті түсіндірмелерімен бірге беріледі. Белгілеулер мен қысқартулар баған түрінде орналасып, мәтіндегі қолданылу ретіне сәйкес түсіндірмелерімен көрсетіледі (5-қосымшаға сәйкес);

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	ЖН-АсМУ-18-24 №3 басылым 35 беттің 8-беті
	<i>Магистрлік диссертация мен жобаның мазмұнына, ресімделуіне және қорғауына қойылатын талаптар бойынша жұмыс нұсқаулығы</i>	

10) «Кестелер мен суреттер тізімі» құрылымдық элементі жұмыста қолданылатын кестелер мен суреттердің тізімін қамтиды. Олар диссертация/жоба мәтінінде берілу реті бойынша бет нөмірлерін көрсете отырып келтіріледі (6-қосымшаға сәйкес);

11) магистрлік диссертацияның кіріспесі шешілетін ғылыми немесе практикалық мәселенің (міндеттің) қазіргі жағдайына баға беруді, ғылыми және/немесе инновациялық сипаттағы негіздеме мен бастапқы деректерді, тақырыпты әзірлеудің қажеттілігін негіздеуді, ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысының жоспарланған ғылыми-техникалық деңгейі туралы мәліметтерді, патенттік зерттеулер және олардан шығатын қорытындыларды қамтуы тиіс.

Кіріспеде келесі мәліметтер көрсетілуі тиіс:

өзектілігі;
зерттеудің мақсаты;
зерттеу объектісі және пәні;
зерттеу міндеттері;
зерттеу әдістері;
зерттеудің жаңалығы;
практикалық маңыздылығы;
қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар;
диссертацияның көлемі мен құрылымы;
диссертацияның апробациясы.

12) магистрлік жобаның кіріспесі шешілетін міндеттің қазіргі жағдайын бағалауды, тақырыпты әзірлеуге арналған негіздеме мен бастапқы деректерді, сондай-ақ осы магистрлік жобаны жүргізу қажеттілігін негіздеуді қамтуы тиіс. Жобаның өзектілігін негіздеу мәселелердің қазіргі жағдайының қысқаша тарихын, оған мүдделі тараптардың көзқарасын, болжамдар мен бағалауларды қамтиды. Жобаның өзектілігі тиісті әдебиеттерде берілген деректерге, ақпаратқа, теориялық және қолданбалы жұмыстарға, жобалау нәтижелеріне, сараптамалық бағалауларға және тиісті дереккөздерге сілтемелерге сүйене отырып негізделеді. Мәселені сипаттағаннан (жобаның көрінісі мен өзектілігін негіздегеннен) кейін жобаның мақсаты мен міндеттері, жобалық идеяны таңдау критерийлері, жобалау алдындағы зерттеу сұрақтары, жобалау нәтижесіне қойылатын жалпы талаптар тұжырымдалуы тиіс. Мақсат пен міндеттер шынайы, нақты баяндалған және жобаның мәселесіне/көрінісіне сәйкес болуы қажет. Мәселенің зерттелу деңгейі (әдебиеттерге шолу) автордың таңдауы бойынша келесілерді қамтуы мүмкін: – жобаның пәндік саласын қарастыруға мүмкіндік беретін теориялар мен тұжырымдамалардың сипаттамасы және талдауы (жұмыстың теориялық негізі); – жобаның пәндік саласындағы қазіргі заманғы зерттеу нәтижелерін талдау (жұмыстың практикалық негізі).

13) магистрлік диссертация/жобаның негізгі бөлімі оның толық көлемінің кемінде 50–70%-ын құрауы тиіс. Ол баяндаудың логикалық құрылымына сәйкес тармақтар мен тармақшаларға бөлінеді. Негізгі бөлімде орындалған жұмыстың мәнін, әдістемесін және негізгі нәтижелерін сипаттайтын мәліметтер берілуі тиіс.

14) негізгі бөлім келесілерді қамтуы тиіс:

зерттеу бағытын таңдау, оған зерттеу бағытын негіздеу, міндеттерді шешу әдістері және олардың салыстырмалы бағасы, ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысын жүргізудің тандалған жалпы әдістемесін сипаттау кіреді;

теориялық және (немесе) эксперименттік зерттеулер үдерісі, соның ішінде теориялық зерттеулердің сипаты мен мазмұнын анықтау, зерттеу әдістері, есептеу әдістері, эксперименттік жұмыстарды жүргізу қажеттілігін негіздеу, әзірленген объектілердің жұмыс істеу принциптері мен олардың сипаттамалары; автор жиналған материалды жалпы қабылданған ғылыми әдістер мен заманауи зерттеу технологияларын пайдалана отырып мұқият талдауы тиіс;

зерттеу нәтижелерін жинақтау және бағалау, оған қойылған міндеттің толық орындалуын бағалау және жұмысты әрі қарай дамыту бағыттары бойынша ұсыныстар, алынған нәтижелердің

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	ЖН-АсМУ-18-24 №3 басылым 35 беттің 9-беті
	<i>Магистрлік диссертация мен жобаның мазмұнына, рәсімделуіне және қорғауына қойылатын талаптар бойынша жұмыс нұсқаулығы</i>	

дұрыстығын бағалау және оларды отандық және шетелдік ұқсас жұмыстардың нәтижелерімен салыстыру кіреді.

15) қорытынды келесілерді қамтуы тиіс:

зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша қысқаша тұжырымдар;

қойылған міндеттердің орындалу толықтығын бағалау;

алынған нәтижелерді нақты қолдану бойынша ұсынымдар мен бастапқы деректерді әзірлеу; ғылыми немесе практикалық үлесті, сондай-ақ орындалған жұмыстың осы саладағы үздік жетістіктермен салыстырғандағы деңгейін бағалау.

16) пайдаланылған дереккөздер тізімі диссертация/жобаны жазу барысында қолданылған дереккөздер туралы мәліметтерді қамтуы тиіс. Тізім 7-қосымшаға сәйкес рәсімделеді.

17) қосымшаға орындалған жұмыспен байланысты, қандай да бір себептермен негізгі бөлімге енгізуге болмайтын материалдарды енгізу ұсынылады.

Қосымшаға келесі материалдар енгізілуі мүмкін:

аралық математикалық дәлелдеулер, формулалар мен есептеулер;

қосымша сандық деректер кестелері;

сынақ хаттамалары;

эксперименттер, өлшеулер және сынақтар жүргізу кезінде қолданылатын аппараттар мен құралдардың сипаттамасы;

компьютерлік техника көмегімен шешілетін есептер үшін әзірленген алгоритмдер мен бағдарламалардың нұсқаулықтары, әдістемелері мен сипаттамалары;

қосымша сипаттағы иллюстрациялар (фотосуреттер);

диссертациялық жұмыс/жоба нәтижелерін енгізу актілері және т.б.

18) диссертациялық жұмыстың мәтін беттері және диссертация/жобаға енгізілген иллюстрациялар мен кестелер А4 форматына сәйкес келуі тиіс.

21. Диссертация/жоба компьютер мен принтерді пайдалана отырып, ақ түсті А4 форматындағы қағаздың бір жағында бір интервал арқылы баспа тәсілімен орындалуы тиіс. Шрифт – Times New Roman, кегль 14, түсі – қара. Мәтін келесі жиектер өлшемдерін сақтай отырып басылуы тиіс: оң жақ – 10 мм, жоғарғы – 20 мм, сол жақ – 30 мм, төменгі – 20 мм. Мәтін қатаң түрде жүйелі тәртіппен басылуы тиіс. Бөлек парақтарға немесе беттердің артқы жағына түрлі мәтіндік қосымшалар мен түзетулер енгізуге жол берілмейді. Барлық сілтемелер мен бет астындағы ескертпелер тиісті бетте орналасуы тиіс. Әрбір бет төменгі өрістің оң жақ бұрышында нөмірленуі қажет. Әрбір тарау жаңа беттен басталуы тиіс. Бұл талап жұмыстың басқа құрылымдық бөліктеріне де қатысты: кіріспе, қорытынды, әдебиеттер тізімі, қосымшалар. Атаулар мен одан кейінгі мәтін арасындағы қашықтық айқын көрінетін болуы тиіс. Атаудың соңына нүкте қойылмайды. Атауларды астын сызуға және сөздерді тасымалдауға жол берілмейді. Жаңа жолдан басталатын сөйлемдер азат жол шегінісімен басылуы тиіс. Магистрлік диссертация/жоба мәтінінде ешқандай белгілер, түзетулер, дақтар, бүктелулер, қарындашпен енгізілген түзетулер болмауы керек. Белгілі бір терминдерге, формулаларға, теоремаларға назар аударту үшін әртүрлі қаріп түрлерін пайдалана отырып, компьютердің мүмкіндіктерін қолдануға рұқсат етіледі.

1) диссертация/жобаны орындау тәсіліне қарамастан, басылған мәтіннің сапасы және иллюстрациялар, кестелер мен баспа материалдарының рәсімделуі олардың анық қайта шығарылу талабына сәйкес келуі тиіс;

2) диссертация/жобаны орындау барысында бүкіл жұмыс мәтіні бойынша біркелкі тығыздық, контраст және бейненің анықтығы сақталуы қажет. Жұмыста анық, бұлдыр емес сызықтар, әріптер, сандар мен белгілер болуы тиіс;

3) диссертация/жобаны дайындау барысында анықталған қате терулер, жазу қателері және графикалық дәлсіздіктерді ақ бояумен өшіру немесе бояу арқылы түзетуге және сол жерге түзетілген мәтінді (графиканы) машиналық әдіспен немесе қара сиямен, пастамен не қара тушьпен қолжазба түрінде енгізуге жол берілмейді. Мәтін парақтарының бүлінуі, дақтар және бұрынғы мәтіннің (графиканың) толық өшірілмеген іздері болмауы тиіс;

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	ЖН-АсМУ-18-24 №3 басылым 35 беттің 10-беті
	<i>Магистрлік диссертация мен жобаның мазмұнына, ресімделуіне және қорғауына қойылатын талаптар бойынша жұмыс нұсқаулығы</i>	

4) диссертация/жобадағы фамилиялар, ұйым атаулары, бұйым атаулары және басқа да жалқы есімдер түпнұсқа тілінде беріледі. Жалқы есімдерді транслитерациялауға және ұйым атауларын жұмыс жазылған тілге аударып беруге (бірінші рет аталған кезде түпнұсқа атауын қоса көрсету шартымен) рұқсат етіледі;

5) диссертацияның құрылымдық элементтерінің атаулары: «Мазмұны», «Нормативтік сілтемелер», «Анықтамалар», «қысқартулар мен белгілер», «Кестелер мен суреттер тізімі», «Кіріспе», «Қорытынды», «Тұжырымдар», «Практикалық ұсынымдар», «Пайдаланылған дереккөздер тізімі» диссертацияның құрылымдық бөлімдерінің тақырыптары ретінде қолданылады;

6) диссертация/жобаның негізгі бөлігі бөлімдерге, бөлімшелерге және тармақтарға бөлінуі тиіс. Қажет болған жағдайда тармақтар ішкі тармақтарға бөлінуі мүмкін. Мәтінді тармақтар мен ішкі тармақтарға бөлгенде әрбір тармақ аяқталған ақпаратты қамтуы тиіс;

7) бөлімдердің атаулары азат жолдан жазылады, бас әріппен басталады, кіші әріптермен, қалың шрифтпен, 12 кегльмен жазылады, нөмірден кейін нүкте қойылып, атаудың соңында нүкте қойылмайды және астын сызуға болмайды, мысалы: 1. Қолданылу мақсаты және саласы;

8) бөлімшелердің атаулары азат жолдан жазылады, бас әріппен басталады, кіші әріптермен, 12 кегльмен жазылады, нөмірден кейін нүкте және атаудың соңында нүкте қойылады, қажет болған жағдайда соңында нүктелі үтір «;» немесе қос нүкте «:» қойылады;

9) диссертация/жоба беттері араб цифрларымен үздіксіз нөмірленуі тиіс;

10) титулдық парағы жалпы бет нөмірлеуіне енгізіледі. Титулдық парағында бет нөмірі қойылмайды;

11) жеке парақта орналасқан иллюстрациялар мен кестелер жалпы бет нөмірлеуіне енгізіледі. А3 форматындағы иллюстрациялар мен кестелер бір бет ретінде есептеледі;

12) құжат мәтінін бөлімдерге, бөлімшелерге, тармақтарға және ішкі тармақтарға бөлгенде әрбір бөлім, бөлімше, тармақ және ішкі тармақ аяқталған ақпаратты қамтуы тиіс;

13) бөлімдер араб цифрларымен нүкте қойылып нөмірленеді және азат жолдан қалың шрифтпен жазылады, мысалы: 1., 2., 3., 4.;

14) бөлімшелер араб цифрларымен нүкте қойылып азат жолдан жазылады;

15) тармақтар араб цифрларымен жақша қойылып азат жолдан жазылады, мысалы: 1), 2), 3);

16) ішкі тармақтар азат жолдан нөмірсіз жазылады;

17) бөлімдер мен бөлімшелер бүкіл мәтін бойынша үздіксіз нөмірленуі тиіс;

18) бөлім атаулары мен алдыңғы және кейінгі мәтін арасындағы қашықтық бір биіктігіне тең 10 кегль шрифт болуы тиіс;

19) тармақтар мен ішкі тармақтар 12 кегль әріппен азат жолдан жазылады;

20) тармақтар немесе ішкі тармақтар ішінде араб цифрларымен жақша арқылы нөмірленген тізімдер берілуі мүмкін, олар азат жолдан көрсетіледі, мысалы: 1), 2), 3).

Үлгі

1) _____ ;

2) _____ ;

3) _____ ;

4) _____ ;

5) _____ ;

21) Әрбір құрылымдық элемент диссертация/жоба жаңа беттен басталуы тиіс;

22) диссертация/жоба беттерінің және оның құрамына кіретін қосымшалардың нөмірленуі үздіксіз болуы тиіс.

22. Иллюстрациялар (сызбалар, графиктер, карталар, схемалар, компьютерлік баспа материалдары, диаграммалар, фотосуреттер) мәтінде алғаш рет аталғаннан кейін бірден немесе келесі бетте орналасуы тиіс. Иллюстрациялар компьютерлік түрде, соның ішінде түрлі түсті болуы мүмкін. Барлық иллюстрацияларға диссертация/жобада сілтеме берілуі тиіс:

1) диссертация/жобаға енгізілген сызбалар, графиктер, диаграммалар, схемалар Мемлекеттік

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	ЖН-АсМУ-18-24 №3 басылым 35 беттің 11-беті
	<i>Магистрлік диссертация мен жобаның мазмұнына, рәсімделуіне және қорғауына қойылатын талаптар бойынша жұмыс нұсқаулығы</i>	

стандарттардың Бірінғай конструкторлық құжаттама жүйесінің талаптарына сәйкес болуы тиіс. Сызбаларды, графиктерді, диаграммаларды және схемаларды компьютерлік баспа арқылы орындауға рұқсат етіледі;

2) А4 форматынан кіші фотосуреттер стандартты ақ қағаз парақтарына жапсырылуы тиіс;

3) қосымшалардағы иллюстрациялардан басқа иллюстрациялар араб цифрларымен үздіксіз нөмірленеді. Егер бір ғана сурет болса, ол «Сурет 1» деп белгіленеді. «Сурет» сөзі мен оның атауы жол ортасына сызықша арқылы орналастырылады;

4) иллюстрацияларды бөлім шегінде нөмірлеуге рұқсат етіледі. Бұл жағдайда иллюстрация нөмірі бөлім нөмірі мен иллюстрацияның реттік нөмірінен тұрады және нүктемен бөлінеді. Мысалы: Сурет 1.1;

5) иллюстрациялар қажет болған жағдайда атауға және түсіндірме деректерге (сурет астындағы мәтін) ие болуы мүмкін. «Сурет» сөзі мен оның атауы түсіндірме деректерден кейін беріледі. Мысалы: Сурет 1 – Құрылғы бөлшектері (8-қосымшаға сәйкес);

6) әрбір қосымшаның иллюстрациялары жеке араб цифрларымен нөмірленеді және олардың алдында қосымшаның белгісі қойылады. Мысалы: Сурет А.3. Иллюстрациялар 9-қосымшаға сәйкес рәсімделеді;

7) иллюстрацияларға сілтеме жасағанда, сквоздық нөмірлеу кезінде «2-суретке сәйкес», ал бөлім шегінде нөмірлеу кезінде «1.2-суретке сәйкес» деп жазылады.

23. Кестелер:

1) кестелер көрсеткіштерді жақсы көрнекілеу және салыстыруға ыңғайлы болу үшін қолданылады. Кесте атауы оның мазмұнын нақты әрі қысқаша көрсетуі тиіс және кестенің үстінде сол жақтан, азат жолсыз, бір жолда нөмірімен бірге сызықша арқылы орналастырылады. Кесте бөлігін келесі бетке ауыстырған жағдайда бірінші беттегі төменгі көлденең сызық жабылмайды, ал келесі бөліктің үстінде сол жақтан «Жалғасы» сөзі жазылып, кесте нөмірі көрсетіледі, мысалы: «1-кестенің жалғасы» (10-қосымшаға сәйкес).

2) кесте мәтінде алғаш рет аталған жерден кейін немесе келесі бетте орналасуы тиіс. Барлық кестелерге сілтеме берілуі қажет. Сілтеме жасағанда «кесте» сөзі және оның нөмірі көрсетіледі. Кестелер (қосымшалардағы кестелерден басқа) араб цифрларымен үздіксіз нөмірленеді. Бөлім ішінде нөмірлеуге де рұқсат етіледі, бұл жағдайда кесте нөмірі бөлім нөмірі мен кестенің реттік нөмірінен тұрады және нүктемен бөлінеді. Қосымшалардағы кестелер жеке нөмірленеді және олардың алдында қосымшаның белгісі қойылады (11-қосымшаға сәйкес).

3) кестелер, әдетте, сол, оң және төменгі жағынан сызықтармен шектеледі. Кестеде мәтіннен кіші шрифтті (12 кегль) қолдануға рұқсат етіледі. Кестедегі көлденең және тік сызықтарды жүргізбеуге болады, егер бұл кестені пайдалануға кедергі келтірмесе. Кестенің төменгі шеті мен мәтін арасындағы қашықтық – 2 бос жол, кесте атауы мен кестенің арасы – 1 бос жол, мәтін мен кесте атауы арасындағы қашықтық – 1 бос жол болуы тиіс.

24. Ескертпелер бас әріппен, азат жолдан, сиретілген интервалды пайдалана отырып жазылады және астын сызуға болмайды. Ескертпелер диссертацияда мәтіннің, кестелердің немесе графикалық материалдың мазмұнына түсіндірме не анықтамалық деректер қажет болған жағдайда беріледі. Ескертпелер тікелей мәтіннен, графикалық материалдан кейін немесе тиісті кестенің ішінде орналастырылады. Егер ескертпе біреу болса, «Ескертпе» сөзінен кейін сызықша қойылады және мәтін бас әріппен жазылады. Бір ғана ескертпе нөмірленбейді. Бірнеше ескертпе араб цифрларымен ретімен нөмірленеді, нүкте қойылмайды. Кестеге қатысты ескертпе кестенің соңында, оның аяқталуын білдіретін сызықтың үстінде орналастырылады.

25. Формулалар мен теңдеулер мәтіннен бөлек жеке жолға шығарылуы тиіс. Әр формуланың жоғарысы мен төменінде кемінде бір бос жол қалдырылуы қажет. Егер теңдеу бір жолға сыймаса, ол (=), қосу (+), азайту (–), көбейту (×), бөлу (:) немесе басқа математикалық белгілерден кейін тасымалданады, бұл ретте белгі келесі жолдың басында қайталанатын. Формулань тасымалдау кезінде көбейту амалы үшін «×» белгісі қолданылады. Символдар мен сандық коэффициенттердің мәнін түсіндіру формуладан кейін бірден, олардың берілген ретімен көрсетіледі. Формулалар

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	ЖН-АсМУ-18-24 №3 басылым 35 беттің 12-беті
	<i>Магистрлік диссертация мен жобаның мазмұнына, ресімделуіне және қорғауына қойылатын талаптар бойынша жұмыс нұсқаулығы</i>	

диссертацияның бүкіл мәтіні бойынша араб цифрларымен жақша ішінде және жолдың оң жақ шетінде нөмірленеді. Бөлім ішінде нөмірлеуге де рұқсат етіледі, бұл жағдайда формула нөмірі бөлім нөмірі мен формуланың реттік нөмірінен тұрады және нүктемен бөлінеді. Қосымшалардағы формулалар әр қосымша ішінде жеке нөмірленеді және олардың алдында қосымшаның белгісі қойылады, мысалы: (B1). Формулалар мен теңдеулерді қара сиямен қолмен жазу тәсіліне де рұқсат етіледі.

